

Қарашығанақ жобасы бойынша реттеудің кейбір мәселелері және "Қарашығанақ жобасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 834 Қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі мен Аджип Карачаганак Б.В., ЭНИ С.п.А., БиДжи Карачаганак Лимитед, БиДжи Групп плс, Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани, Тексако Инк, ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В., «ЛУКОЙЛ» мұнай компаниясы» ААҚ, Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В. арасындағы реттеу туралы келісімді (бұдан әрі – Реттеу туралы келісім) іске асыру мақсатында және «Қарашығанақ жобасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1525 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі мен Аджип Карачаганак Б.В., ЭНИ С.п.А., БиДжи Карачаганак Лимитед, БиДжи Групп плс, Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани, Тексако Инк, ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В., «ЛУКОЙЛ» мұнай компаниясы» ААҚ, Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В. арасындағы реттеу туралы келісімге Қосымша келісімнің (бұдан әрі – Қосымша келісім) жобасы **мақұлданын.**

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қосымша келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Аджип Карачаганак Б.В., БиДжи Карачаганак Лимитед, Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани және ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В. арасындағы Қатысу үлесін табыстау және қабылдау туралы шарттың (бұдан әрі – Қатысу үлесін тапсыру және қабылдау туралы шарт) жобасы **мақұлданын.**

4. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Эдуард Карлович Өтеповке елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қатысу үлесін тапсыру және қабылдау туралы шартқа қол қоюға уәкілеттік берілсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі, Аджип Карачаганак Б.В., БиДжи Карачаганак Лимитед, Шеврон Интернэшнл Петролеум Компани және ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В. арасындағы тапсырылатын қатысу үлесін қабылдау-тапсыру актісінің (бұдан әрі – қабылдау-тапсыру актісі) жобасы мақұлдансын.

6. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Эдуард Карлович Өтеповке елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға уәкілеттік берілсін.

7. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қоса беріліп отырған:

1) ӨБТК-ге қосылу және оны өзгерту туралы келісімге (ММЖК) (Қосымша келісімге В қосымшасы);

2) ӨБТК-ге қосылу және оны өзгерту туралы келісімге (жаңа компания) (Қосымша келісімге В қосымшасы);

3) Өзара кепілдіктер туралы келісімге (Реттеу туралы келісімнің Р қосымшасы);

4) талаптарды кері қайтарып алу және істі қарауды тоқтату туралы хабарламаға (Реттеу туралы келісімнің U қосымшасы) қол қоюға уәкілеттік берілсін.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан аяқтау туралы сертификатқа (Реттеу туралы келісімнің W қосымшасы) қол қоюға уәкілеттік берілсін.

9. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі, «Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімдегі үлесті басқару жөніндегі компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және Аджип Карачаганак Б.В., БиДжи Карачаганак Лимитед, Шеврон Интернешнл Петролеум Компани және ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В. компаниялары арасындағы жазбаша міндеттеменің (бұдан әрі – жазбаша міндеттеме) ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

10. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы Эдуард Карлович Өтеповке елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жазбаша міндеттемеге қол қоюға уәкілеттік берілсін.

11. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аджип Карачаганак Б.В., БиДжи Карачаганак Лимитед, Шеврон Интернешнл Петролеум Компани, ЛУКОЙЛ Оверсиз Карачаганак Б.В., Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В

. және СИТИБАНК, Н.А., Лондон Бөлімі, СИТИБАНК, Н.А., Нью-Йорк Бөлімі және «СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ арасындағы Эскроу және жауапкершілікпен сақтау шартының (бұдан әрі – Эскроу және жауапкершілікпен сақтау шарты) жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевқа елеусіз сипаттағы өзгерістер енгізу құқығымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Эскроу және жауапкершілікпен сақтау шартына қол қоюға уәкілеттік берілсін.

13. «Қарашығанақ жобасының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1525 қаулысымен бекітілген Аджип Карачаганак Б.В. («Аджип»), БГ Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед («Бритиш Газ»), Тексако Интернэшнл Петролеум Компани («Тексако») компаниялары, «ЛУКойл Мұнай компаниясы» ашық акционерлік қоғамы («ЛУКойл»), «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» жабық үлгідегі акционерлік қоғамы («Қазақойл») және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімінің салық режимі туралы нұсқаулыққа мынадай өзгеріс енгізілсін:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Төмендегі ұсыныста көзделгенді есепке ала отырып, Республика Бюджетіне төленуге немесе Республика Бюджетінен қайтарып алынуға жататын Салықтар мен төлемдер сомасы АҚШ долларымен немесе төлем күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми айырбас бағамы бойынша теңгемен төленеді. ҚҚС төлеу мен қайтарып алу теңгемен жүргізіледі.»

14. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ, Қаржы министрліктері Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (келісім бойынша) және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыдан және жоғарыда көрсетілген келісімдерден туындайтын барлық қажетті шараларды қабылдасын.

15. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.МӘСІМОВ.